

Aşağıdaki diyalog metnini okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Асхат: Берік, біздің елімізде қанша ұлт өкілдері тұратынын білесің бе?

Берік: Менің білуімше 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады.

Асхат: Сонда ол қанша ұлт болса, сонша тіл бар деген сөз ғой.

Берік: Дұрыс айтасың досым, дегенмен әлемдік деңгейде қолданылатын 6 тіл бар екен.

Асхат: Олар қандай тілдер?

Берік: Ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб тілдері.

Асхат: Бүгінгі жағдайда көп тіл білуіміз қажет қой.

Берік: Әрине қажет, бірақ өзге тілден бұрын біз ана тілімізді білуіміз керек.

Асхат: Мен сенімен келісемін, туған тілді құрметтеу қажет.